



**КАЗІРГІ ӘЛЕНДЕГІ ИСЛАМ:
ДАМУ ЖАҒДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ СИМПОЗИУМ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, ал-Фароби атындағы ҚазҰУ, 19-21 сәуір, 2012 ж.

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНОГО СИМПОЗИУМА**

ИСЛАМ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ:ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Мрамара университеті
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті

Al-Farabi Kazakh National University
Marmara University
The University of Foreign Languages and Business carrier

Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Университет Мармары
Университет иностранных языков и деловой карьеры

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ИСЛАМ: ДАМУ БАРЫСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ СИМПОЗИУМ МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 19-21 сәуір, 2012 ж.

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОГО НАУЧНОГО СИМПОЗИУМА
ИСЛАМ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

Алматы, КазНУ имени аль-Фараби, 18-22 апреля 2012 г.

Алматы, 2012

Мазмұны

Байтенова Н.Ж., Байтен А.Ж. Ислам және заманауи әлем бейнесі	3
Хижazi М.Ф., Альмухаметов А.Р. Дін және адамзат болашағы	8
Әбуов А.П. Дәстүрлі ислам дінінің қазақ халқының рухани өміріне тигізетін әсері	12
Косиченко А.Г. Ислам в Казахстане: возможности консолидации	16
Габитов Т.Х. Плюрализм религии и духовная терпимость в казахстане	21
Baitenova n.z., Zamanbekov d.s. Sukuk and securitization: vital issues in islamic capital markets	28
Джалилов З.Г. Ислам как фактор укрепления сотрудничества Казахстана с мусульманским миром	35
Құлсариева А. Т., Сихимбаева Д. А. Қазақстан Республикасындағы діни жағдайдың кейбір мәселелері: қазақ тілді БАҚ негізіндегі қоғамдық пікірдің негізгі бағыттары	41
Демсұова А.А. Влияние религиозного фактора на современное казахстанское общество	45
Нурышева Г.Ж., Билялова Г.Н. Сакральная культура казахов в контексте этнорелигиозной памяти	50
Бегалинова К.К. Ислам в Казахстане: История его распространения	57
Смагулов Е.М. Ислам в Казахстане в контексте модернизации и глобализации	62
Құрманалиева А.Д. Қазақстан Республикасындағы экстремизм көріністері	67
Рысбекова Ш.С. Особенности идеологии исламского радикализма в Центральной Азии	72
Борбасова Қ. М. Қазіргі жастар тәрибесіндегі Ислам құндылықтарының маңызы	77
Сырғақбаева А.С., Дагжан Ж. Ислам – қалалық дін	82
Едильбаева С. Ж. Вопросы исламского образования в Казахстане	87
Байтенова Н.Ж., Заманбеков Д.Ш. Правовые и регулятивные вопросы секьюритизации в соответствии с Шариатом (на примере зарубежных стран)	92
Садвокасова З.Т. Религиозная пропаганда: прошлое и настоящее	97
Момынкұлов Ж. Б. Исламның келешегі: мәселелер мен мүмкіндіктер	103
Омарова Г.С. Қазақ діни философиясындағы сопылық: Қ.А. Яссауи мен А.Үлімжіұлы көзқарастарындағы үндестік	108
Байтенова Н.Ж., Қалниязова А.Қ. Діни экстремизм мен терроризмнің әлеуметтік-саяси көріністері	114
Абжалов С.У., Мейрбаев Б.Б. Исламдағы «мазһаб» ұғымы	120
Жумадил М.Т. Вопросы религии в Казахстане в 20-е годы XX века	125
Аликбаева М.Б. Ислам дініндегі музыка мәселесі	129
Мұқан Н. Қытайдағы ислам дінінің таралу тарихы	135
Бағашаров Қ. Ф. Гүлен еңбектеріндегі конфессияаралық және	

ұлттаралық келісім үлгілері	140
Молдағалиев Б. Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі құқық	143
Айдарова Ж. Ислам журналистикасы	149
Малаев Д. Экономические аспекты в исламе и ее влияние на современный мир	153
Таукелова С. Концепт семьи в монотеистической религии	158
Тәттібаев М. Әбу Ханифаның фикһ-и акбардағы акидалық көзқарастары	164
Изекшов А.Ж. Қазақ халқының әдет-ғұрыпындағы Ислам элементтері	169
Юлдашев Т.У. Құран Кәрім және пайғамбар (с.а.у.) хадисіндегі исра және миграж оқиғасы	175
Шағырбаев А.Д. Сәләфия ағымының Қазақстан Республикасында таралуы	179
Кокеева Д.М., Али Нергиз Шактизм ағымындағы тантр мәтіндерінің рөлі мен маңыздылығы	184
Құрманалиева А.Д., Махамбетова А.С. Кәлам ғылымының мәдени-тарихи негіздері	189
Сейсенбиева Раузия Ислам модернизациясы және әйел мәртебесінің заманауи түсіндірмесі	193
Байтенова Н.Ж., Камалова Ф.Б., Бейсенов Б.Қ. Қазіргі Қазақстан жағдайындағы Ислам дінінің жанғыруы	199
Сарсенова М. Дәстүрлі емес діндердің қоғамға әсері	203
Сембаева М. Ислам және оның Батыс Еуропа елдеріндегі көрінісі	206
Сейсенбиева Р. Исламдағы әйелге қатысты ұстанымдар	211
Махамбетова А.С. Ашғарилік кәлам ілімінің ерекшеліктері	215
Затов Қ. А., Бағашаров Қ. С. Исламдағы қазіргі заманғы ағымдар	221

Қазіргі таңда жастардың дінді ұстануын ескерсек, олардың дүниетанымында дінаралық сыйластық, яғни, өзге діндерге құрметпен қарау, дінді ұстанбайтын азаматтарды түсіне білу және ұлтаралық келісім мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Әдебиеттер:

1. Байтенова Н.Ж. Қазақстан Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауындағы Қазақстандағы конфессияаралық келісім мәселесі. // «Өркениеттер сұхбаты» дамытуда Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық келісімінің әлемдік орталығы ретінде. Халықаралық ғылыми практикалық конференциялардың материалдары. 31 мамыр 2007 жыл. Алматы 2007.
2. Қазақстандағы діндер. Жауапты редактор: филол.ғ.д., профессор Байтенова Н.Ж. – Алматы, 2008.
3. М. Махфуз. Діннің қоғамдағы орны. // «Аль-Фараби – Абай: проблема премственности» Материалы международной научной конференции. Алматы, Дом Дружбы, 9-10 ноября 2007г. Алматы «Қазақ университеті» 2007.
4. Борещкий О. М. Столкновение цивилизаций с обществом потребления. // Казахстан как мировой центр межкультурного и межконфессионального согласия в развитии «диалога цивилизаций». Материалы Международной научно-практической конференции 31 мая 2007 г. Алматы 2007.
5. Гарифолла Есім. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Екінші кітап. Алматы: Ғылым, 1996 -616.
6. Рысбекова Ш.С., Борбасова К.М., Религиозный смысл бытия человека // «Аль-Фараби – Абай: проблема премственности» Материалы международной научной конференции. Алматы, Дом Дружбы, 9-10 ноября 2007г. Алматы «Қазақ университеті» 2007.
7. Қазақстандағы діндер. Жауапты редактор: филол.ғ.д., профессор Байтенова Н.Ж. – Алматы, 2008.
8. Мынбаев Мурат кажы. Роль молодежи в формировании межконфессионального согласия в Республике Казахстан. // Материалы информационно-пропагандистской работы по пропаганде Послания Президента РК Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире», профилактика религиозного экстремизма и укрепления межконфессионального и межнационального согласия, проведенного в Восточно-Казахстанской области. Астана, 2007 г.
9. бұл да сонда.

А.С. Сырғакбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
философия ғылымдарының докторы, профессор

Ж. Дагжан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
магистрант

ИСЛАМ – ҚАЛАЛЫҚ ДІН

Көптеген ғалымдар ислам дінін қалалық дін деп айтады. Себебі, орта ғасырлық христиан әлемі дінінің кесірінен бірнеше ғасырға мүлгіп, ғылыми-мәдени дағдарыс кешіп жатқан тұста керсінше араб-ислам елдерінде таңғажайып құбылыс болған мұсылман қалалары дами бастады. Батыста

Испаниядан Қытайға, Африка құрлығына дейінгі аумақта тараған ислам діні – Кордова, Бағдад, Дамаск, Шам, Фұстат, Кұфа, Самарра, Басра, Толедо, Бұхара, Исфахан сияқты сол кездегі ғылым мен білімнің, жоғары құндылықтар мен игіліктерді өзінде шоғырландырып және орталықтары болған керемет қалаларды дүниеге әкелді. Онда көл өнері мен сауда-саттық дамып, ғалымдар, философтар, дәрігерлер, кітап көшіріп жазушылар өмір сүрді.

Мұсылман қалаларының дамып, ондағы урбандалу процесінің жоғарғы қарқынмен дамуына негізгі себеп болған ол – ислам діні еді. Тұтас мәдениеттің факторы болған араб тілі – мұсылман діні мен халифаттың, қасиетті кітап Құран тілі болды. Ислам ғалымдарының айтуы бойынша Ислам діні өмірмен тығыз байланыстылығымен, өміршеңдігімен ерекшеленгендіктен, тұтас өрениеттің қалыптасуына оң әсер етті дейді. Осы тұрғыда ислам сөзінің мағынасына тоқталатын болсақ, ислам тек сенім мен ахлаки (этикалық) құндылықтардан құралған дін емес. Ислам сөзі сенім мен ұқданды да қамти отырып, бұларға қоса бейбітшілік пен татулықты, жүгіну мен тепе-теңдікті және тұтастай өмір сүру салтын білдіреді [5, 19-20 бб.]. Ислам дінінде адамдардың нәсілі мен ұлтына, әлеуметтік деңгейіне қарамай Жаратушы Құдайдың алдында барлығы тең, адам баласы бір-біріне бауыр болады (братства всех людей) деген идея басты болды. Яғни, қоғамдық өмірді – жамағатты, адамдардың ұйымдасып, бірлікте болуын уағыздады. Ислам дініндегі адамдардың бауырластығы идеясын уағыздайтын гуманистік идеясының негізінде араб еліндегі көшпелі өмір сүріп, түрлі пұттарға табынып, руларға бөлінген араб халқын бір халифалық мемлекетке және идея интернационалистік сипат алып бір сенім аясында халықтарды біріктіре білді.

Отандық мәдениеттанушы, философ ғалым Б.Г.Нуржановтың пікірі бойынша ислам діні принципті түрде урбанистік сенім. Және Пайғамбар Мұхаммед жаңа ислам дінінің таратып қана қоймай, дәстүрлі көшпелі өмірге қарсы тұрған жаңа өмір салты отырықшы қалалық салттың, жаңа урбанистік мәдениет пен өркениеттің негізін салды дейді [2, 266 б.]. Қала- ортағасырлық мұсылман үшін тіршілік ететін және діни ғибадат ету мен салт-жоралғыларды орындайтын мекенге айналды. Өйткені, мұсылмандар бірге ғибадат ететін мешіттер (мұсылман үшін қасиетті болып саналатын жұма күні ер адамдарға жамағат болып бірге мешітте намаз оқу міндеттеледі) тек қалаларда салынды және мешіттер қаланың басты архитектуралық ғимараттары болып саналды. Ал, дүниежүзіннен қажылыққа келген мұсылмандар жыл сайын ғибадат етуге жиналатын Мекке қаласындағы «қара тас» мұсылман үшін «жердің анасы» бейнесінде өзіндік мәнге ие болды. Америкалық тарихшы Пол Уитли мұсылман қаласы көрінісінің мәнін айқындай келе «Адамдардың бірге мінәжат ететін жері» деп анықтама береді [2, 268 б.]. Пол Уитлидің көзқарасын соңғы кезде қала тақырыбын зерттеп жүрген ғалымдар да растайды. Яғни, қалалардың пайда болып, қалыптасуына бірінші адамдардың прагматикалық мүддені көздеп, бірігіп тіршілік етуінен көрі, жергілікті жердің адамдарды өзіне тартатын киесі, адамдардың бірлесіп